**Алматы қаласында 2003-2005 жылдары кедейшілікті төмендету жөніндегі Бағдарламаны бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған XXII сессиясының 2002 жылғы 19 желтоқсандағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 29 желтоқсанда N 501 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2007 жылғы 21 маусымдағы N 598 хатымен

*Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2007 жылғы 21 маусымдағы N 598 хатымен*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 86 бабы 4 тармағының 1 тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Заңының 3 бабы 1 тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 "2002-2004 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" қаулысына сәйкес және Алматы қаласы Үкімінің ұсынысымен II-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы қаласында 2003-2005 жылдары кедейшілікті төмендету жөніндегі Бағдарлама бекітілсін (қоса тіркелген).

2. Алматы қаласының Үкіміне 2003-2005 жылдарға қала бюджетін құрастырғанда бағдарламаны жүзеге асыру үшін қаражат бөлінуін қарастыруға ұсыныс жасалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау мәселелері бойынша тұрақты комиссияға (Е.Б.Тәжиев) және Алматы қаласы Үкімінің орынбасары А.І.Бижановқа жүктелсін.

*II-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихатының*

*XXII-ші сессия Төрағасы*

*II-ші сайланған Алматы*

*қалалық Мәслихатының хатшысы*

ІІ-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXII-ші сессиясының шешіміне қосымша
"19" желтоқсан 2002 жыл

# 2003-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА КЕДЕЙШІЛІКТІ ТӨМЕНДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫ

## 1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

| | |
|---|---|
| **Аталуы** | 2003-2005 жылдарға арналған Алматы қаласында кедейшілікті төмендету жөніндегі бағдарламасы |
| **Әзірлеме жұмысының негізі** | 2002 жылғы 6 наурыздағы кедейшілікті азайту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия мәжілісінің хаттамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылғы Бағдарламасын жүзеге асыру іс-шараларының Жоспары туралы" қаулысы |
| **Негізгі әзірлеуші** | Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау Департаменті |
| **Мақсат** | Экономиканың өсуі үшін жағдай жасау арқылы кедейшілікті азайту, халықтың жұмыспен нәтижелі қамтылуы және табысының көбеюі, кедейлердің денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндіктерін жоғарлату, әлеуметтік көмектің атаулы болуын қамтамасыз ету және шешім қабылдауда қоғамдық институттарды тарту арқылы тиімді басқаруды жоғарылату |
| **Міндеттері** | Қалалық бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді атқару көзделген:<br>қала экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету;<br>кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдайлар жасау;<br>қосымша жұмыс орындарын жасау, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіптік оқыту, жұмыссыздардың кәсіптік біліктілігін көтеру және қайта дайындықтан өткізу есебінен еңбек нарығында белсенді шараларды келешекте дамыту және жетілдіру;<br>денсаулық сақтау және білім беру салаларының қызмет тиімділігі мен қолайлығын жоғарлату;<br>тұрғын үй және коммуналдық қызметтермен қам-тамасыз етуді жақсарту,<br>экологиялық факторлардың қолайсыз әсерлерін азайту;<br>халықтың тұрмыс жағдайы төмен және осал топтарының мүддесіне қарай атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру;<br>кедейшілікті төмендетуде мемлекеттік басқарудың нәтижелілігін көтеру; |
| **Негізгі принциптері** | Кәсіпкерлердің құқығы мен мүддесін қорғау есебінде еркін кәсіпкерлікті қамтамасыз ету, заңдылықты нығайту, несие беру шарттарын жетілдіру, азаматтардың еңбек және кәсіпкерлік ынталарын мадақтау;<br>қабылданатын шаралардың нәтижелілігі мен үнемділігін көтеру (ең аз шығындармен қажетті нәтижені қамтамасыз ету);<br>мемлекеттік органдар қызметтерінің халыққа ашық та есеп беруге міндетті болуын қамтамасыз ету;<br>кедейшіліктің гендерлік (жыныс), жас және т.б. ерекшеліктерін тіркеп есепке алу;<br>көмек көрсетуде әлеуметтік әділдік пен нақтылықты қамтамасыз ету; |
| | Бағдарламаның кешендік сипатты екендігін ескерсек, 2003-2005 жылдары Алматы қаласында кедейшілікті азайтуға жіберілетін негізгі қаражат, экономиканың тиісті салаларында кедейшілікті азайту мәселелерін жанамалы шешетін, қолданыстағы және |

| | |
|---|---|
| **Қаржы көзі** | әзірленіп жатқан қалалық бағдарламалар шегінде қарастырылатын болады. Сондай-ақ , халықаралық ұйымдардың көмектерін де тарту көзделіп отыр. |
| **Бағдарламаны жүзеге асырудан күтетін нәтиже** | Бағдарламаны табысты жүзеге асыру 2005 жылға қарай 2002 жылмен салыстырғанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесін 8,5%-тен 7,5%-ке азайтуға, кедейшілік деңгейін 5%-ке, жұмыссыздық деңгейін 9,5%-тен 8,0-%-ке төмендетуге, шағын кәсіпкерлік саласында қамтылғандардың үлесін 19,7%-ден 31,1% -ке көбейтуге, өкпе ауыруын (туберкулез) әр 100 мың тұрғынға шаққанда 63-тен 55 адамға, ана өлімін - әр тірі туылған 100 мың адамға 57-ден 45 адамға қысқартуға, халық өмірінің орта ұзақтығы 2002 жылдың көрсеткіші бойынша 66,5 жас болса - 67,3 жасқа ұзартуға мүмкіншілік береді. |
| **Жүзеге асыру мерзімі** | 2003-2005 жылдар |

## 2. Кіріспе

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылғы Бағдарламасын жүзеге асыру іс-шараларының Жоспары туралы" қаулысын орындау үшін әзірленген. Макроэкономикалық көрсеткіштердің оңды өзгерістеріне қарамастан, қалада кедейшілік кең көлемде етек алып отыр. Есеп бойынша, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесін 8,5% құрап отыр.

Бұл Бағдарлама, кедейшілікпен күресу жөніндегі шаралар негізінен жұмыспен қамту саясатын беделді өткізу және тұрмыс жағдайы төмен азаматтарға, әсіресе еңбекке қабілетсіз, сонымен қатар халықтың еңбек нарығында ең осал топтарына атаулы көмекті көрсету есебінде жүргізілетін 2000 -2002 жылдары кедейшілік пен жұмыссыздықпен күресу жөніндегі қалалық Бағдарламаның жалғасы болып табылады.

Сонымен қатар, Бағдарламаны әзірлеген кезеңдегі экономикалық жағдай тұрғысынан алсақ, онда денсаулық сақтау, білім беру, экология сияқты және т.б. жүйе жағдайлары халықтың кедейшілік деңгейіне әсерін тигізетін ілеспелі факторлар кешені қарастырылмаған. Халықтың кедей топтарына тек қана жалғызбасты аналар мен басқа да халықтың тұрмыс жағдайы төмен топтары қосылып қана қоймай, жұмысқа жарамды, басым көпшілігі ауылдан көшіп

келгендермен де толып жатыр.

Кедейшіліктің әлеуметтік құрылымы өзгерістерге ұшырады. Кедейшіліктен туындайтын негізгі экономикалық және әлеуметтік жағдайлар:

еңбек нарығында жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңсіздігі (дисбаланс);

еңбекақы, зейнетақы және жәрдемақы мөлшерінің төмендігі;

халық бөлігінің иек артушылық мінезі, оның тұрмысын жақсартуға ынтасының төмендігі;

дәрігерлік қызметтер бағасының қымбаттығы және кепілді тегін дәрігерлік көмекке қол жеткізе алу мүмкіншілігінің қысқаруы;

кедейшілік деңгейінің төмендігі, осыдан кедей халыққа берілетін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тиімділігінің өте аз болуы.

Бағдарламада берілген кедейшілікті төмендетудің негізгі жолдары, оның көп тұрғылы салдарын ескеріп, мәселелерді мыналардың есебінен шешуге болатынын болжайды:

экономиканың өсуі, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру;

жұмыспен қамтуды көтеру және жұмыссыздықты азайту;

әлеуметтік көмектің атаулы болуы және нәтижелілігі;

базалық білімнің, алғашқы дәрігерлік көмектің, тұрғын үй және коммуналдық қызметтердің ашықтылығы, адам өміріне қоршаған ортаның қолайсыз әсерін азайту;

бюджеттік бағдарламаларды әкімшіліктеудің тиімділігі;

кедейлердің мемлекеттік шешімдерді қабылдауға қатысуы, ақпаратқа қол жеткізу мүмкіншілігін көтеру.

Кедейшілік мәселесін шешу үшін - мемлекеттік органдар, жекелік секторы, үкіметтік емес ұйымдар, оның ішінде кедей халықтың атынан болып саналатын бірлестіктер, кәсіптік одақтар сияқты барлық қоғам институттарының белсенді қатысуы мен өзара іс-қимыл жасауы ұсынылады.

## 3. КЕДЕЙШІЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

### 3.1. Кедейшілік деңгейін анықтау және өлшеу

Кедейшілік - халықтың белгілі бір бөлігі бірінші кезекті физиологиялық талаптарын қанағаттандыруға байланысты қиыншылық көретін және заңмен белгіленген құқық пен еркіндік шегінде қоғам өміріне толығымен араласу мүмкіндігінен айырылған жағдайдағы әлеуметтік экономикалық құбылыс.

Кедейшілік мәселесіне экономикалық және әлеуметтік жағдай, сонымен қатар басқару жағдайы жатады. Көрсеткіштер, осы үш жағдайдағы кедейшілік мәселесінің көлемін бағалауға мүмкіншілік беретін индикаторы болып табылады.

Табыстары мен халыққа мемлекетпен кепілдік берілген әлеуметтік қызметтерге қол жеткізушілігі бойынша кедейшілікті өлшеу белгілері және индикаторлары болады.

*Табыстары бойынша кедейшілікке баға беру белгілері* дегеніміз - ол ең төменгі күнкөріс мөлшері және кедейшілік деңгейі.

*Табыстары бойынша кедейшілік индикаторы* - ол табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың бөлігі, кедейшіліктің алшақтығы мен шиеленісушілігі.

*Халыққа мемлекетпен кепілдік берілген әлеуметтік қызметтерге қол жеткізушілігі бойынша кедейшілікті өлшеу белгілері* дегеніміз - негізгі әлеуметтік игіліктері мен денсаулық сақтау саласы *(жан басына шаққандағы дәрігерлік персонал мен ұйымдар саны)* , білім беру саласы *(білім беру жүйесінен тыс қалған және оқу орындарында материалдық көмек көрсетілген балаларға білім беру),* әлеуметтік көмек көрсету жүйесі *(халықтың әлеуметтік осал топтарын қамту және оларға көрсетілетін көмектің саны)* қызметтеріне қол жеткізушілігінің ең төменгі деңгейі.

Денсаулық, білімділік, өмірдің орташа ұзақтығы, әлеуметтік құлдилау ( маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, қылмыс) және халықтың көші-қон жөніндегі көрсеткіштер кедейлерге *әлеуметтік инфрақұрылымның қол жеткізушілік жанама индикаторы* болып табылады.

Сонымен қатар, қолдағы бар индикаторлар түгелдей кедейшілік тұрғысын, оның ішінде басқаруға қатысты тұрғысын қамти алмайды.

2001 жылы қаладағы кедейшілік көрінісі келесі деректермен сипатталды:

халықтың 12,1% табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен;

2001 жылы халықтың 10% жоғары және 10% төмен ауқатты топтарының ара қатысы 7,5 есе, жұмыскерлердің еңбекке ақы төлеуде сала аралық айырмасы 8,2 есе болды;

жұмыссыздық деңгейі 10,8% құрады;

өкпе ауруымен (туберкулез) алғашқы ауырғандар 100 мың халыққа 40,1 адамды құрады;

жүкті әйелдердің 52,9% қан аздығымен (анемия) ауырады;

әрбір жаңа туған төртінші нәресте дертке шалдыққан;

соңғы 4 жыл ішінде ауыз суының химиялық және бактериалдық ластануы бойынша мемлекеттік стандартқа (ГОСТ) сәйкес келмеуі 2-ден 3%-ке (зерттелген сынамалардың санынан 0,1%) өсті.

*Кедейшілік кескінін* халықтың кедейшілік тұрғысынан әлеуметтік аса осал топтарына жататын тұлғалар құрайды.

Олардың құрамына кіретіндер:

оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар (қатерлі топтар);

балалар және көп балалы отбасылары;
ұзақ уақытты жұмыссыздар;
жалғызілікті қарттар;
мүгедектер;
маргиналды (ең төменгі) топтар - баспанасыздар, пенитенциар (бас бостандығынан айыру) жүйесінің мекемелерінен босағандар, босқындар;
ауылдан қоныс аударғандар.

Жастар (16-24 жас аралығы) халықтың ең үлкен экономикалық белсенді емес үлесін (25,4%) және жұмыссыз халықтың біршама үлесін (26%) құрайды. Оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар нашақорлық, қылмыстық, жезөкшелік жөніндегі қатерлі топтарына ілігеді.

Кедей отбасыларындағы балалар, көп балалы отбасылары өз еркімен жағдайларын жақсартуға мүмкіндіктері өте аз, ал бұл келешекте кедейшілік көлемінің өсуіне әкеп соғады.

Ұзақ жұмыссыздық жұмыс күштері бөлігінің жас, біліктілік, психологиялық өлшемдері бойынша сәйкес келмеуінен, жұмыс дағдыларының және бастапқы капитал жетпеген жағдайда өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіншілігінің жоқтығынан пайда болды.

Жалғызылікті қарт адамдардың мәселелері коммуналдық қызмет, емделу және т.б. шығындарының өсуіне байланысты.

Мүгедектердің өз-өзін қамтамасыз ету мүмкіншіліктерінің шектеулі болғандығынан, олардың арасында кедейшілікке ұрыну қатері өте жоғары.

Маргиналды топтар халықтың басқа топтарына кері әсер ету қабілетінінің ықпалы аса назар аударуды талап етеді. Олардың саны қала өміріне бейімделе алмаған ауылдан қоныс аударғандар, жұмыссыздар, ресми және жасырын иммигранттар, босқындар, белгілі тұрақты орны жоқ тұлғалар, қайыршылар, маскүнемдер мен нашақорлардың есебінен өсуде.

Қылмыспен, заңсыз жолмен табыс табуға мәжбүр болған, халықтың табысы төмен топтарының арасында тараған ішімдік пен нашақорлыққа тәуелділік кедейшіліктің жағымсыз салдары болып табылады.

Қоғамның ең осал топтарының ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босаған тұлғалар бар.

Бүгінгі күнде қоғамның маргиналды топтарына жататын тұлғаларды еңбек және әлеуметтік оңалту жөніндегі қабылданып жатқан шаралар жеткіліксіз.

## 3.2. Кедейшілік деңгейіне баға беру

### 3.2.1. Экономика мен кедейшіліктің даму деңгейі

#### *1. Экономиканың өсуі және кедейшілік*

Экономиканың дамуы кедейшілікті жеңудің негізгі шарасы болып табылады. Соңғы жылдары қалада экономиканың тұрақты өсіп келе жатқаны байқалуда.

Қаланың өнеркәсіптік кешені біртіндеп және ұдайы қайта қалпына келуде. Өндіріс өсімінің көлемі 2001 жылдың қорытындысы бойынша 23% құрады. " Сайман", "Іскер", "ААМҚЗ" (АЗТМ), "ЫРЫСТЫ", "Бахус", "Белкамит", "Ақтаза" , "Обис", "Үркер косметикс" және т.б. кәсіпорындары өндірісті қайта жарақтау нәтижесінде жаңа технологиялық өнімдердің шығарылымын табысты меңгеруде. Жалпы алғанда, 56 кәсіпорны аяғына қайта тұрғызылып іске қосылды, 100-ден аса ірі кәсіпорындар өнім шығарудың өсімін қамтамасыз етті, өз кезегінде ол 2001 жылы өнеркәсіпте 4,0 мыңға жуық, 2002 жылдың сегіз айында 2,3 мың жұмыс орнын жасауға мүмкіншілік берді. Инвестициялық салада оңды үрдіс ( тенденция) құрылуда. Іргелі құрылысқа құйылған инвестиция көлемі 2 есе өсті. Соңғы жылдары көлік, байланыс, тұрғын үй құрылысы, сауда сияқты салалардың дамуына жіберілген инвестиция үлесі көбейіп отыр.

Кедейшілікті жеңуде халықтың түрлі топтарына, оның ішінде әлеуметтік осал топтарына жұмыс орындарын жасайтын шағын кәсіпкерлікке ерекше орын бөлінеді.

Қалада 25 мыңнан аса кәсіпорындар қызмет жасайды, онда жұмыс істейтіндердің саны 2001 жылы 13%-ке көбейді және 161,3 мыңнан астам адамға жетті. Мұнда 2000 жылдан бергі кезеңде 16,2 мың жұмыс орындары жасалды. Бүгінгі күнде шағын бизнес саласында 130 млрд. теңгеге тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірілуде, бұл қаладағы өндірілетін жалпы өнімнің үштен бір бөлігін құрайды. Шағын кәсіпкерлік субъектілер өндіретін өнімнің салалық кешенінде оңды өзгерістер болды. Өнеркәсіп, құрылыс, көлік пен байланыс сияқты өндірістік сектор үлесінің өсу үрдісі бой алып отыр. Алматы қаласында, төңірегінде 38 кәсіпорынды біріктірген құрамында бизнес-инкубаторы жұмыс істейтін өндірістік аумақты құру Тұжырымдамасы 1999 жылдан бері іске асырылуда.

Патент негізінде жұмыс жасайтын кәсіпкерлер саны көбеюде. 2001 жылы берілген патенттер саны 12%, ал оларды сатудан түскен сома 26% өсті. Шағын кәсіпкерліктің тұрақты қызмет етуі қала бюджетіне салық түсімдерінің өсуін және соған тиісті әлеуметтік мәселелерге шығындардың көбеюін қамтамасыз етеді. 2001 жылы қаланың шоғырландырылған (консолидированный) бюджетіне 127 млрд. теңге жиналды, бұл былтырғы жылдан 30% көп.

Экономикадағы оңды өзгерістердің нәтижесінде халықтың ақшалай табысы және ең төменгі күнкөріс деңгейі көрсеткіштерінің, сонымен қатар халықты әлеуметтік қорғау қаражаттарының өсуіне мүмкіншілік туындады.

2001 жылы халық табысының айлық орташа мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінен 2,7 есе рет, жұмыскерлердің көрсетілген айлық орташа еңбекақысы 4,3 есе рет асып түсті. Былтырғы жылмен салыстырғанда халықтың жан басына

шаққандағы айлық орташа табысы 25,7% өсті. Бұл үрдіс 2002 жылда да сақталып келеді.

### *2. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық*

Кедейшіліктің басты себептерінің бірі жұмыссыздық. Жұмыспен қамту және тапқан табыс өмір деңгейіне тікелей әсер етеді. Соңғы уақытта жұмыспен қамтылғандар санының өсуі және экономикалық белсенді халық құрылымындағы жұмыссыздардың жалпы санының азаюы байқалуда. 2001 жылы халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі экономикалық белсенді халықтың 89% құрады, бұл алдыңғы жылдан 3% көп. Жұмыспен қамтылған халық құрылымында жалданушы жұмыскерлердің саны басым (78%), өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың саны қысқаруда.

2001 жылы жұмыссыздардың жалпы саны 59,9 мың адам құрады, жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халықтың 10,8% жетті. Шамамен әрбір бесінші жұмыссыз жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның есебінде тіркеуде болды және түрлі әлеуметтік көмектер алып тұрды. Белгіленген жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халықтың 2,0-2,2% шамасында ауытқып тұрады. Әйелдер жұмыссыздығының басымдылығы, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың кәсіптік-біліктіліктік құрылымының сәйкес келмеушілігі, жасырын жұмыссыздық пен жартылай жұмыспен қамтылу көлемдерінің сақталуы, еңбек нарығында бәсекелесуге әлсіз жұмыссыздар санының есебінен ұзақ жұмыссыздықтың үдей түсуі, астыртын еңбек нарығының бар болуы еңбек нарығындағы жағдайды сиппаттайтын негізгі көріністер.

Кедейшіліктің бір себебі, ол жұмыспен жартылай қамтылатын, табысы аз жұмыс орындарының өте көптігімен анықталатын "жұмыс жасайтын кедейлердің " еңбекақы деңгейінің төмендігі. Экономикалық қызмет түрлері бойынша еңбекақы айырмашылығы 6-7 есе. Ерлер мен әйелдер арасындағы жұмыспен қамтылу айырмашылығы, олардың еңбекақыларының алшақтығы, еңбек нарығындағы бәсекелестігі әйелдердің кедей болуына әсер ететін факторлар болып табылады. Көбінесе, әйелдер еңбекақысы төмен секторларда жұмыс істейді (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызметтер көрсету саласы, мәдениет). Бүгінгі таңда әйелдердің орташа еңбекақысы ерлердің жалақысының 69,8% құрайды. Жұмысқа қабылдауда орын алатын жыныс және жас бойынша құқығын шектеу (дискриминация) зейнеткерлік жас алдындағы адамдардың, әсіресе әйелдердің ауыр жағдайын одан әрі қиындата түседі. Жұмыссыздық деңгейі ерлер арасында 9,0%, ал әйелдер арасында 12,5% құрады.

Сонымен қатар, жұмыс істемейтін ер адамдар көбінесе жұмыспен қамту орталықтарына бармайды, бұрынғы әлеуметтік мәртебесіне сәйкес келмейтін

және бір елеулі табыс бермейтін жұмыстардан бас тартады. Соның нәтижесінде, әлеуметтік сатының ең төменінде, маргиналдардың арасында (белгілі тұрақты жері жоқ тұлғалар, қайыршылар) ер адамдар басым болуда.

***3. Қоғамдық жұмыстар***

Қоғамдық жұмыстар жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау және еңбек нарығындағы жағдайды жеңілдету қызметтерін атқарады. Осыған байланысты қалада қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырып өткізу мәселесіне аса көңіл бөлінуде. Соңғы екі жылда қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың саны бір жарым есе өсті және 2001 жылы 8,4 мың адам құрады. Айына ең төменгі екі жалақы есебінен төлем жүргізілді. Қоғамдық жұмыстарға қатысу барысында әрі қарай жұмысқа орналасатын кәсіптік дағдыларды алатын, техникалық ынтымақтастық жөніндегі Алманиялық (Германия) қоғамның қатысуымен пилоттық жобалар бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру тәжірибесі ерекше қызығушылық танытады. Бұл бағытта жасалған белгілі жұмыстар қолданысқа алынып жетілдірілуде.

Бос жұмыс орындарына тапшылық болғанда нысаналы топтардағы жұмыссыздарға қоғамдық жұмыстар табыс табудың жалғыз көзі болып табылады .

Қаланы көгалдандыру және көркейтуге байланысты жұмыстары мен аумақты тазалау жұмыстарына қатысатындар қоғамдық жұмыстарға қатысушылар санының басым көпшілігі болып табылады. Бұл жұмыстарға жалпы санынан 69% -ке жуық жұмыссыздар қатысады. Соған қарамастан, көпшілігінде дене еңбегі болғандықтан тартымсыздығы, мәртебесінің жоқтығы, басқа әлеуметтік көмек түрлері көрсетілгенде еңбекақының есепке алынуы бірталай жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға қатысудан бас тартуының басты себептері болып табылады.

***4. Кәсіптік даярлау және қайта дайындықтан өткізу***

Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта дайындықтан өткізу көп жағдайларда жұмыс табу мүмкіншілігінің өсуіне себепкер болады. Әлеуметтік қорғаудың бұл бағыты жыл сайын жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның есебінде тұратын жұмыссыздардың 20-30 пайызын қамтиды. Еңбек нарығында талап етілген мамандықтар бойынша жұмыссыздарды оқыту және қайта дайындықтан өткізу, жұмыссыздардың өз тілектері және жұмыс күшіне сұраныс бойынша жүргізіледі. Жұмыссыздарды оқытудың нәтижелілігін көтеру мақсатында оқулық бағдарламалар қалалық білім беру жұмыскерлерінің біліктілігін көтеру институтымен келісіп шешіледі. Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта дайындықтан өткізу жұмыстарын ұйымдастыру барысында, мамандық бөлігінде кадрлардың қажеттілігін анықтау әдістемесінің жоқ болуына байланысты, сондай-ақ жұмыссыз азаматтарды оқытумен айналысатын білім

беру мекемелерін конкурстық іріктеуден өткізу сияқты кейбір қиыншылықтар туындайды. Тіпті, материалдық қолдаудың жоқтығы (қоғамдық көлікте жол жүру төлемінің жарты бағасын, дәрігерлік куәландыру, кейбір жағдайда берілетін атаулы әлеуметтік көмекті санамағанда) жұмыссыздың біліктілігін көтеру немесе кәсіптік дағды алу мүмкіншілігін пайдалануға ынталандырмайды.

***5. Шағын несие беру***

Грант немесе шағын несие беру арқылы қаладағы халықты өзін-өзі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін еңбекке қабілетті тұрмыс жағдайы төмен азаматтарды шағын несиелеу дұрыс дами алмады. 1998-2000 жылғы республикалық шағын несие беру бағдарламасында пилоттық облыстарда тұрмыс жағдайы төмен азаматтарға кәсіпкерлік құруға шағын несие беру қарастырылған, ол бағдарлама тек Алматы қаласында ғана қолданылмады.

Сонымен қатар, қалада халықаралық (ТАСИС, ПРООН, техникалық ынтымақтастық жөніндегі Неміс қоғамы), қоғамдық ұйымдар ("Мөлдір" әйелдер қауымдастығы) және қалалық тұрмыс жағдайы төмен азаматтарды қолдау қоры мен кәсіпкерлікті дамыту қоры тараптарынан грант беру арқылы шағын несие берудің оңды тәжірибелері бар.

Бірақ шағын несие беру жүйесі қалада дұрыс өріс ала алмады және нақты нормативті құқықтық негіздерінің (база), несие беруге тиісті қаражаттың, сонымен қатар шағын несие беру ұйымдарының қызмет етуінің, қалыптасқан заемдық қаражаттарды қайтару механизмінің, тұрмыс жағдайы төмен азаматтарға ұсынылған микроқорларды (микроресурс) тиімді пайдалану тәжірибесінің жоқтығы сияқты кемшіліктерден тиісті нәтижеге қол жеткізе алмай отыр.

### 3.2.2. Әлеуметтік сала

***1. Демография және көші-қон***

2002 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша Алматы қаласында тұрақты тұратын халықтың саны 1140,1 мың адам болды, бұл жыл басына қарағанда 4 мың адамға (0,4%) көп. Халықтың 55% - әйелдер, 17% - 15-24 жас аралығындағы жастар, 14% - зейнеткерлер құрайды.

Нәрестелердің дүниеге келуінің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 12,6 промиллені құрады. 1999 жылмен салыстырғанда отбасында үшінші және төртінші баланың дүниеге келуі 18% және 27%-ке өсті.

Халық санының өлімнен азаюы демографияның ең басты мәселелерінің бірі болып отыр. Өлім коэффициенті 1000 адамға шаққанда 10,7 промиллені құрап отыр.

Қалада халықтың табиғи өсімінің оңды сальдосы құралды. 2002 жылдың 1 маусымына бұл өсім 1069 адам құрады.

Соңғы жылдары көші-қонның оңды сальдосы қалыптасуда, оның өсімі жылына 2300 - 2100 адам шамасында ауытқып тұрады. Келушілер мен кетушілердің негізгі құрамы еңбекке жарамды жастағы тұлғалар. Бірақ, сонымен қатар, жоғары білімі бар бір көшіп кетушінің орнына мұндай білімі жоқ екі көшіп келуші келіп жатыр.

Кедейшілік пен жұмыссыздықтың жағдайына жұмыссыздықтан туындаған кездейсоқ көші-қондық процесстер және көршілес мемлекеттер мен республиканың басқа аумақтарындағы экологиялық мәселелері кері әсерін тигізуде. Халықтың қала маңындағы аумақтардан барыс-келіс көші-қоны біраз қиыншылық туғызуда.

Қалада "Халық денсаулығы" бағдарламасы, мемлекеттік демографиялық саясаты, экология, ана мен балалық шақты қолдау, салауатты тұрмыс салтын қалыптастыру салаларындағы бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында бірқатар іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрады, бұл демографиялық жағдайдың жақсаруына сенім тудырады.

***2. Халықтың дәрігерлік көмекпен қамсыздандырылуы***

Халықтың 90-шы жылдардың ортасында тұрмыс деңгейінің төмендеуі, алдымен халықтың кедей топтарына тән әлеуметтік маңызды ауруларының өсуіне әкеп соқты.

Осы күнге дейін сәбилер өлімінің көрсеткіші өте жоғары деңгейден түспеуде, ол жалпы көлемнің 1,6% құрап тұр. Бір жылдың ішінде ана өлімі 3,1 есе, аурумен бірінші рет ауыру - 2,3 есе, қатерлі ісік ауруларымен ауыру - 2,6 есе өсті. Жүкті әйелдердің 52,9% қан аздығы (анемия) ауруынан азап шегеді. Өсімпаздық белсенді жастағы әйелдер денсаулығының индексі 15% аспайды. Сонымен қатар, туберкулезбен ауыру - 5,3%, есірткіге тәуелділік - 14% төмендеген оңды беталыс бар.

2001 жылы халықтың әр 100 мың адамға ауыруы: жүйке аурулары - 212, қатерлі ісік аурулары - 275, туберкулез - 67,9, жыныс аурулары - 157,8, ВИЧ кеселі - 34 адам құрады.

Ер адамдардың өмір ұзақтығының төмендігі денсаулық саласындағы басты гендерлік көрсеткіш болып отыр. Орташа алғанда, олар әйелдерден 12 жыл аз өмір сүреді екен (61,2 - ерлер, 73,2 - әйелдер).

*Қала аумағында 250 емхана және 57 аурухана жұмыс жасайды, олардың ішінен, аталған ретіне сай, 41 мен 49 мемлекеттік меншікке жатады.*

7 дербес отбасылық дәрігерлік амбулаториялар құрылып жұмыс істеуде. Емханалар саны ұлғайды. Өздерінің маңыздылықтары бойынша бірегей - мейірбике (медсестра) күтімінің ауруханасы, хоспис сияқты медициналық орындар ашылды.

Қаланың дәріханалық торабы 508 мемлекеттік емес және 8 аурухана ішіндегі

дәріханалардан тұрады. Ауру азаматтарға тегін берілетін емдік құралдар сұрыпталымы (ассортимент) кеңейтілді.

Сонымен қатар, денсаулық сақтаудағы бекітілген кепілді тегін дәрігерлік көмек көлемін қаржыландыру теңгерілімсіздігі (несбалансированность) сақталып келеді. Кепілді көлем мен ақылы дәрігерлік қызметтер арасында нақты бір межелік белгі болмағандықтан кепілді тегін дәрігерлік көмек көлемін ақылы қызметтермен алмастыру, сондай-ақ ақылы дәрігерлік қызметтер мен емдік құралдар құнының өте қымбаттығы орын алып отыр. Дәрігерлік мекемелердің керекті материалды-техникалық құрал-жабдықтармен толық жарақтандырылмағандығынан, олардың ақпараттық қамтамасыз ету және өзара іс-әрекеттерінің бірыңғай жүйесінің жоқтығынан, әсіресе мемлекеттік секторда, қызмет көрсету сапасы төмен болып жатыр.

***3. Ашық білім***

Алматы республикамыздың зиялылық және білім орталығы болып табылады. Халықтың 70-тен аса пайызы жоғары, жалпы орта және арнайы орта білімді. Азаматтардың тегін білім алу конституциялық құқығын қамтамасыз ету үшін қала аумағында 375 білім беру мекемелері орналасқан. Мектепке дейінгі тәрбие беру жүйесінде 154 мектеп алдындағы ұйымдар қызмет етеді. Күтіп-ұсталуы 5-7 мың теңге мөлшерінде ата-аналардың есебінен жүргізілетін болғандықтан, нәрестелік 3 жасқа дейінгі (ясли) топтағы балалардың қамтылуы 35% деңгейінде қалып отыр. Осымен қатар, 5-6 жастағы балаларды мектеп алдындағы дайындықпен қамтылуының өсіп келе жатқан беталысы байқалады, бүгінгі таңда ол 92% құрап отыр.

Жалпы орта білім беру жүйесінде 171 күндізгі жалпы және 54 мемлекеттік емес оқу орындары жұмыс жасайды. Орта білім алу үшін 17 мектепте халықтың ересек және жұмыс істейтін топтарына кешкі-ауысымдық бөлімшелер ұйымдастырылған, онда 2,5 адам дәріс алуда. Сондай-ақ, барлық мектептерде дерлік ыстық тағам беру ұйымдастырылған, оны оқушылардың 89% алады. Пәндерді тереңдетіп оқыту орындарының саны жыл сайын 3-5% өсуде. 90 мектепте 80 мың оқушы ғылыми-іздестіру жұмыстарымен айналысатын ғылыми қоғамдар ұйымдастырылған. Бұл балалардың дайындық деңгейіне оңды әсерін тигізетіні сөзсіз. Дұрыс ұйымдастырылған жалпы орта білім беру жүйесінің арқасында қалада оқумен қамтылмаған бала жоқ деп айтуға болады.

Білім беру жүйесінің құрылымдық және желілік реформаларға ұшырауы мектепке дейінгі және қосымша білім беру жүйесінің қатты қысқаруына әкеп соқты. Соңғы бес жылда балалар мен жасөспірімдер клубтары, спорттық, көркемдік, аулалық клубтар жабылған. Бюджеттен қаржының дұрыс түспегендігінен музыкалық мектептер өзін-өзін қаржылауға көшкен. Соның салдарынан тұрмыс жағдайы төмен отбасындағы балалардың сол орындарда

білім алуға қолдары жетпейді. Спорт секцияларында, спорттық мектептерде және балалар мен жасөспірімдер клубында қамтылған балалар санының өскендігіне қарамастан, олардың бас үлес саны үштен бір адамнан аспайды.

Алғашқы және орта-кәсіптік білім беру жүйесінде 71 мекеме қызмет жасайды , онда мемлекеттік тапсырыс бойынша оқушылардың 43% оқиды.

Қалада, жетім және ата-ананың қамқорлығынан айырылған балалардың арасындағы қиын жасөспірімдерге арналған Оңалту орталығы жұмыс жасайды. 2001 жылы орталықтың жанынан балалар үйінің түлектеріне арналған 90 орындық "Жастар үйі" ашылды.

Қалада еліміздің студенттерінің үштен бір бөлігі оқитын 73 жоғарғы оқу орындары бар.

Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" Заңын және "Білім" Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, білім алу қызметтеріне қол жеткізудің жақсаруына себепкер болды.

Бірақ, сонымен қатар, білім беру қызметтерінің сапасы мен олардың тұтынушылар үшін нақты бағасы, материалды-техникалық базасы мен жабдықталуы, білім беру ұйымдарының аса жұмыс бастылығы халықтың сапалы білім алуына үлкен бір кедергі болып қалуда.

### *4. Халықтың әлеуметтік осал топтарына мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесі*

Қоғамның әлеуметтік топтарға бөлінуі, денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және қоғамдық көлік саласында тегін қызметтер көлемінің қысқаруы халықтың әлеуметтік көмекке мұқтаждығының өсуіне әкеп соқты. Қала бюджетінің әлеуметтік көмек пен халықты әлеуметтік қорғаумен қамсыздандыруға жұмсалатын шығындары жылдан жылға өсуде. Егер 2001 жылы әлеуметтік бағдарламаларға 1,8 млрд. аса теңге жұмсалса, 2002 жылы шығындардың 1,3 есе өсуі қарастырылған және 2,5 млрд. теңге құрайды.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңы аса мұқтаждарға әлеуметтік көмек көрсетуге мүмкіншілік береді. Осы таңда , есептер бойынша, күнкөріс деңгейінен төмен табыс табатын халықтың үлесі 12% аса немесе 137,7 мың адам құрады. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40% құрайтын кедейшілік деңгейі атаулы әлеуметтік көмекті тағайындаудың өлшемі болып табылады. Санақ бойынша, атаулы әлеуметтік көмекті алуға үміткер болып отырған адам саны 24 мың немесе қала халқының 2,1% құрап отыр. Азаматтарға бұл көмек төлемі өтініш беру принципімен жүргізіледі, сондықтан да атаулы әлеуметтік көмекті алушылардың саны кедейшілік деңгейінен төмен тұратын халықтың санымен кей жерлерде үйлеспей жатады. Бірінші кезекте алушылар санына балалар, мүгедектер, зейнеткерлер, жұмыссыздар, жалақысы

төмен жұмыскерлер және т.б. кірді. 2002 жылдың 1 шілде күніне бұл көмекті 78,1 млн. теңге сомасына 13,4 мың адам алды. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауда негізгі роль аудандық учаскелік комиссияларға беріліп отыр. Аталған заңды жүзеге асыру тәжірибесі, еңбекке қабілетті халықтың жұмыс істеуге, тіпті уақытша қоғамдық жұмыстарға қатысып отбасын бағуға тілек білдірмейтін жатып-ішерлік көңіл күйді тудыратын біраз мәселелерді анықтады. Нақты табыстарын жасыру салдарынан азаматтардың тұрмыс жағдайының төмендігін анықтай алмаушылық сияқты мәселелер де жоқ емес.

Сонымен қатар, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жаңа жүйесіне ауысу, сондай-ақ, жұмыс жасаған және жұмыссыз азаматтарды жерлеуге берілетін жәрдемақы, нәресте туылғанда берілетін бір жолдық көмек сияқты төлемдердің алынып тасталғандығы халықтың біраз бөлігін өмірдің белгілі бір кезеңдерінде әлеуметтік қолдаусыз қалдырды.

Алматыда 156,4 мың зейнеткер тұрады, бұл қала халқының жалпы санынан 14 % құрайды. Бұл республика бойынша қалада тұратын зейнеткерлер саны жағынан 4-ші орын (зейнеткерлердің жалпы санынан 8,6%). Бұл қала бюджетіне, қалай әлеуметтік төлемдер жағынан болса, солай денсаулық сақтау саласында жеңілдік қызметтер көрсету жөнінде қосымша түсетін елеулі салмақ десек те болады.

Егде және жалғызілікті азаматтарды әлеуметтік қолдау үшін пансионаттар мен санаторийлерде демалу және емделу, бір жолдық материалдық көмек көрсету, 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі арнайы қалалық жәрдемақы, сумен қамсыздандыруға жекелік есептегіш құралдарын орнату және ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне қалалық қоғамдық көлікте тегін жол жүру сияқты қосымша жеңілдіктер белгіленген.

Сондай-ақ, зейнеткерлер, мүгедектер және басқа да мұқтаждар әлеуметтік мекемелер жүйесі арқылы әлеуметтік қамсыздандырылады. 3,0 мыңнан аса зейнеткерлерге қызмет көрсету жөніндегі Қалалық, Әуезов аудандық аумақтық орталықтар және 33 әлеуметтік көмекті үйде көрсету бөлімшелері жұмыс істейді. 560 орындық қарттар мен мүгедектерге арналған Интернат-үйі, 160 орындық ақыл-ойы жетілмеген балаларға арналған Интернат-үйі, 100 орындық белгілі тұрақты жері жоқ тұлғаларды Әлеуметтік оңалту орталығы бар. 2001 жылы 74 пәтерлік Әлеуметтік тұрғын үй және 350 орындық Ардагерлер үйінің ашылуы есебінен әлеуметтік мекемелер жүйесі кеңейе түсті. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіре түсу және барлық мұқтаж адамдардың оған қол жеткізуін жеңілдету үшін әлеуметтік мекемелер жүйесін әрі қарай кеңейту қажет және нормативтік-құқықтық негіздерін әзірлеу керек.

Тұрмыс жағдайы төмен азаматтарды материалдық қолдау үшін демеушілердің қаражаттары қатыстырылады, қайырымдылық көмек көрсетіледі.

2001 жылы 96,5 млн.теңге сомасына 127 мың адамға, 2002 жылдың бірінші жарты жылдығында 60 млн. теңгеге 80,0 мың тұрмыс жағдайы төмен азаматтарға қайырымдылық көмектері көрсетілді.

**3.2.3. Кедейшіліктің инфрақұрылымдық тұрғысы**

***1. Халықтың тұрғын үй және коммуналдық қызметтерімен қамсыздандырылуы***

2002 жылдың 1 тамыз жағдайына қалада 7137 көп пәтерлі тұрғын үйлері бар, онда жалпы алаңы 15832 мың шаршы метр, 299 мың пәтер орналасқан. Соңғы жылдардың ішінде тұрғын үй қорын жөндеу және жаңарту жұмыстары жүргізілмеген.

Мысалы, 50 мың адам тұрып жатқан 951 тұрғын үй апатты күйде. Бұл үйлердің пайдалану мерзімі 50 жылдан асып кеткен. Негізінен бұл үйлерде кедей азаматтар тұрады. ПИК қарамағындағы көп пәтерлі үйлерде әр жерде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді тоқтату, қаланың тұрғын үй қорының ескіруіне әкеп соғады. Жаппай құрылыс жүргізудің алғашқы жылдарында салынған ірі панельді үйлерді сейсмикалық жағынан күшейту мәселесі өз шешімін талап ететіні рас, бұл өз кезегінде тұрғындарды 100% көшіруді, сонымен бірге айырбастау тұрғын үй қорын құруды қажет етеді.

Өзендердің су қорғау аумақтарында өз еркімен салынған тұрғын үй құрылыстары бар. Олар үнемі тасқыннан және жаңбырдан су астында қалуға мәжбүр, ал бұл болса ол жерде тұрып жатқан азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп тудырады.

Тұрғын үй жағдайын жақсартуды қажет еткендердің кезегінің есебінде 40 мың тұрғын тіркелген, олардың ішіндегі 6,3 мың отбасы жеңілдік кезегінде тұрғандар.

Ақылы қызмет көрсету құрылымындағы тұрғын-үй коммуналдық шығындарының үлесі жанұя бюджетінде қомақты және жылдан-жылға өсуде.

Халықты әлеуметтік қорғау шараларының бірі, мұқтаж отбасыларына тұрғын үй коммуналдық қызметтері үшін ақшалай өтемақы төлеу болып табылады. 2002 жылдың 1-ші жарты жылдығында тұрғын үй көмегін ай сайын 12 мыңға жуық адам алды, шығындар сомасы 118,7 млн. теңге құрады. Сонымен бірге, тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде есепке алынатын жанұяның белгіленген 30 пайызы бұл көмек түріне мұқтаж адамдардың барлығын қамтуға мүмкіндік бермейді.

***2. Халықтың сумен қамсыздандырылуы***

Қалаға су үлкен және Кіші Алматы өзендеріндегі 2 су тартқыларынан, сондай-ақ, Алматы және Талғар алып шығу конустарының 2 жер асты су тартқыларынан беріледі.

Қалада демалыс аймақтары мен қалаға іргелес кенттерге қызмет көрсететін

бірыңғай, орталықтандырылған, шаруашылық - ауыз-су, өндірістік және өртке қарсы сумен жабдықтау жүйесі бар.

Су құбырлар жүйесі мен су аққыларының жалпы ұзындығы 2285 км.құрайды. 1997 жылдан 2001 жылға дейін су құбырлар жүйесінің 17,6 км жаңадан салынып және 26 км күрделі жөндеуден өткізілді. Алайда жүйенің жағдайы талапқа сай келмейді деп бағаланады, себебі су құбырларының 63,6% пайдалану мерзімінен өткен және айырбасталуға тиісті.

Халықтың таза ауыз-суына толық қолы жетіп отырғанына қарамастан судың химиялық және бактериялық ластануы бойынша мемлекеттік стандартқа сәйкес келмеуі орын алуда.

### *3. Халықтың жол, көлік және байланыс қызметтерімен қамсыздандырылуы*

Қаланың көлік инфрақұрылымының ұзақтығы 1500 км автокөлік жолдары, 93 автокөлік және 73 жолаушылар көпірлері, 5 жол жүйелері және 20 жер асты өткелдерінен тұрады.

Жолаушы тасымалдау авто және электрокөліктерімен тең үлесте (50%) жүзеге асырылады. Қалалық қоғамдық көлікте зейнеткерлерге жасына қарай ( жол ақысының 50%), оқушыларға (60%), студенттерге (42%) жол ақысының жеңілдіктер жүйесі қызмет етеді, ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектері қала бюджетінің есебінен тегін тасымалданады.

Қаланың орталық бөлігін жаңа салынып жатқан ықшам аудандарымен қосатын жаңа маршруттар ашылды. Жол торабтарды, қосалқы көшелерді салу, жолдардың кеңейтілуі мен күрделі жөндеуден өткізілуі есебінен жолаушы ағынынан аса күш түсетін магистральдардың тығыздығын азайту жүзеге асырылуда.

Соның өзінде, қаланың ең өткір де өзекті көлік мәселелері қала жолдарының автокөлікпен аса жүктеулігі мен толықтығы болып тұр. 1991 жылдан бері қаладағы автокөлік саны 2,2 есе өсіп кетті, ал жолдардың өткізушілік қабілеті бұрыңғы деңгейде қалып отыр. Мәселе аумақтың тығыздылығы мен жол төсемінің кеңейтілуіне кедергі жасайтын қала құрылысының қалыптасқан ерекшеліктерімен, шағын табиғи ауа жаңарту аймағында орналасуымен шиеленісе түседі.

Қала екі халықаралық автокөлік коридорларының қиылысында орналасқан, айналма жолдардың жоқтығы қаланың негізгі магистральдарының уақытынан бұрын тозуына және экологияның нашарлауына әкеп соғады.

Қаланың қалыптасқан жоспарлы құрылымы, жер бедерінің еңістілігі, қоғамдық көлікті күздік-қыстық мерзімдерінде пайдаланудың қиындығы, жер үстімен жүретін электркөліктің дамуына тежеу болуда. Қозғалыс жиілігі мен көлік санының жылдан жылға өсуі қаладағы экологиялық жағдайды

нашарлатады. Сондықтан метрополитен құрылысы қала тіршілігіне маңызды қажеттілік болып табылады. Жобаның сметалық құны 662 млн. АҚШ долларына бағаланып отыр. Жоба қаланың солтүстік және солтүстік-батыс аудандарына қызмет көрсететін көпшіліктік транзит жүйесінің құрылысын қарастырады. Метрополитен құрылысы басталғалы бері (1988 жыл) 8000 метрден астам жер астындағы қазбалары, 5453 метрде екі аралық темір жол тоннельдері жасалды, эсколаторлық тоннелдердің өткелдері бойынша жұмыстар жүргізілуде, қазіргі сәтте 142,9 млн. АҚШ доллары игерілді.

Қаланың телефон жүйесінің жалпы сыйымдылығы 453798 номер, ал электрондық станциялардың сыйымдылығы жалпы сыйымдылық жүйесінің 33% құрайды. Осы уақытта электрондық станциялардың сыйымдылығын жалпы сыйымдылықтан алғанда 45,4% дейін көтеруге мүмкіндік беретін тірек-транзиттік станцияларды салу арқылы модернизациялаудың жаңа кезеңі іске асырылуда.

Жаңа салынған ықшам аудандарды телефондандыруда белгілі бір қиындықтар бар, дер кезінде қажетті қондырғылар сатып алынбайды, ал бұл қала халқын сапалы телефон байланысымен қамтамасыз етуіне теріс ықпалын тигізеді .

### *4. Кедейшіліктің экологиялық тұрғысы*

Қолайсыз экологиялық жағдай тұрмысы нашар халық өміріне кері әсерін тигізуде. Оның негізгі факторлары су, ауа, жер мен жер асты суларының ластануы, жасыл орамды сақтау және оны орнына келтіру болып табылады.

Халықтың жоғары тығыздығымен, өндірістік және инфрақұрылымдық дамуымен бірге, өзіне тән табиғи-климаттық ерекшеліктері экологиялық жүйеге артық күштің түсуіне себепкер болып отыр.

Қазақстан Республикасының гидрометеорология институтының мәліметтері бойынша, шекті ұйғарынды мөлшерден қала ауасының құрамындағы формальдегид - 5 есе, фенол, азот диоксиді мен шаң - 2 есе асады екен.

Ауа бассейінің негізгі ластаушысы автокөлік болып отыр, соңғы жылдары оның саны екі есе ұлғайып, 200 мың бірлікке жетті. Сонымен қатар, қалаға күнделікті шығарылатын зиянды заттары есепке алынбайтын 50 мыңнан астам бөтен қалалық автомобильдер келеді. Таза су ресурстарының басым көпшілік бөлігі қайта тазаланатын Іле Алатау тауларында экологиялық жағдайдың даму жағымсыз үрдісі туындап отыр.

Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің алқаптарында жұртшылық саны мен шаруашылық объектілерінің өсуі су ағымдарының гидрологиялық балансы мен жер асты суларының гидрогеологиялық тәртібінің бұзылуына, жер бетіндегі және жер асты суларының ластануына себепкер болып отыр. Қаладағы нөсерлік су құбырлар, сумен қамтамасыз ету және жаңа кенттердегі су құбырлар

жүйелерінің жоқтығы жағдайды қиындата түседі. Экологиялық жағдай нашарлаған сайын халық пен экономика табиғат апаттарының әсерлерінен осалдай түседі, бұл өз кезегінде табиғи ортаның келешекте азғындауына әкеп соғады.

Қалаға іргелес жерлерді қалай болса солай пайдалану және құрылыс жүргізу де экологиялық жағдайды бірталай нашарлатады.

Күн өткен сайын қоршаған ортаның өндірістік және тұтынушылық қалдықтарымен ластануы мен улы қалдықтарды жерлеу полигондарының жоқтығы Алматы қаласының халқы үшін үлкен қауіп төндіруде.

Ауа бассейнінің жағдайына жасыл орам едәуір ықпалын тигізеді. Көптеген парк, бақша және көше бойындағы жасыл ағаштар өте нашар күйде. Соңғы жылдарда көкті отырғызу (көгалдандыру) кесілетін ағаштар деңгейінен біршама қалып отыр. Үр жыл сайын 2,5 мың ағаш кесіледі. Арық жүйелері қайта жаңартуды талап етеді.

Экологиялық мәселелерді шешу үшін Алматы қалалық Мәслихатының шешімімен 1999-2015 жылдарға арналған "Таза ауа - Жанға дауа" атты Алматы қаласының экологиялық жағдайын сауықтырудың кешендік бағдарламасы әзірленді және бекітілді.

### 3.2.4. Халықтың кедейшілік деңгейін төмендетудегі қоғамдық институттардың ролі

***1. Халықтың кедейшілік деңгейін төмендетудегі мемлекеттік орган қызметтерінің тиімділігі***

Кедейшілік деңгейін төмендетуге байланысты мәселелерді шешуде басты роль жергілікті атқару органдарына берілген. Ол:

бизнес, қаржы және институционалдық инфрақұрылым үшін қолайлы жағдай жасау, соның ішінде кәсіпкерлік субъектілерге бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау;

әлеуметтік даму саласында (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру) және қоғамдық инфрақұрылымның қалыптасу саласында (қол жеткізушілік пен сапа кепілдігімен қоғамдық объектілер, жолдар салу, көлікпен қамтамасыз ету, қауіпсіздік, ақпарат беру және т.б.) халыққа мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі бюджетті жоспарлау;

аса осал еңбекке қабілетсіз азаматтар, балалар, қарттар, мүгедектер, көп балалы отбасылар, уақытша жұмысқа қабілетсіздер, қамқорлықтағы қарттар, науқастар, баспанасыздар және т.б. нысаналы топтарды тікелей әлеуметтік қорғау.

Жыл сайын қалада тиісті мөлшерде әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруына қажетті ақшалай қаражат бөлу, қоғамдық инфрақұрылымның қалыптасуы сияқты азаматтарды әлеуметтік қорғау жұмысын жақсартуға

бағытталған шешімдер қабылданады. Қалада зейнеткерлік төлемдер, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер үшін өтемақы және т.б. төлемдер бойынша берешек жоқ. Жекелеген әлеуметтік төлемдер тек Алматы қаласында ғана беріледі. Әлеуметтік мәселелерге қатысты сұрақтар бойынша шешімдерді қарау және қабылдау, қоғамдық ұйымдар, жұмыс берушілердің қатысумен әкімшіліктің кеңейтілген мәжілісінде, мәслихат мәжілістерінде қарастырылады, ал бұл болса кедейшілікті төмендетуге себебін тигізеді.

Сонымен қатар, кедей халықты есепке алу жүйесін жетілдіруді, халықтың әлеуметтік осал топтарына тегін қызмет көрсету көлемін көтеруді, әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуды, бюджеттік бағдарламалардың нақты нәтижелерін байқау және олардың тиімділігіне баға беру механизмдерін жетілдіруді талап етеді.

Инфрақұрылым құрылысы бойынша өтімді жобаларды таңдауда басқарушы шешімдер ақталмай қалып жатады.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету механизмі келешекте жетілдіре түсуді қажет етеді.

Денсаулық сақтау, білім беру қызметкерлерімен мемлекетпен кепілдік берілген тегін көрсетілетін қызметтерге ақы алулары орын алады, бұл әрине кедейлердің жағдайын одан бетер ауырлата түседі.

## *2. Үкіметтік емес және кәсіподақтық ұйымдардың кедейшілікті төмендетудегі ролі*

Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) семинарлар, конференциялар ұйымдастыру арқылы тұрмысы нашар халық топтарына көмек көрсетуде отандық және шетелдік инвесторлардың демеушілік қаражаттарын тартып кедейшіліктің өзекті мәселелерін шешуде үлкен роль атқарады. Көптеген ҮЕҰ халықаралық ұйымдардың қаражаттары есебінен жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау, шағын несие беру мәселелерін шешуге қатысып кедейшілік деңгейін төмендетуге бағытталған жобаларды өткізеді. Өздерінің қоғамдық бірлестіктері мүгедектерді коляскалармен қамтамасыз етті, "Мөлдір" әйелдер қауымдастығы кәсіпкерлік дағдыларына үйрету курстарына ұйымдастырды, өз ісін ашуға несиелер берді, өздерінің жұмыс биржасын ашты, бала-бақша ұйымдастырды, "Дана" әлеуметтік қолдау орталығы ауыр жағдайға түскен жанұяларға психологиялық көмек көрсетеді.

Қалада 0,5 мыңнан астам түрлі деңгейдегі ҮЕҰ қызмет жасайды. ҮЕҰ жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, кәсіпкерлікті дамыту, қайырымдылық, халықтың мұқтаж топтарын әлеуметтік қолдау, дене мен жүйке кемшіліктерінен зардап шегетін адамдармен оңалту және түзету жұмыстарын, сырқаты жазылмайтын адамдармен, қатер тобындағылармен (нашақорлар, маскүнемдер, панасыз

балалар) жұмыс жүргізу, адам құқығын қорғау, экология және т.б. сол сияқты бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысады.

Алайда, мемлекеттік органдармен ынтымақтастық бөлігінде ҮЕҰ қызметін реттейтін нормативті-құқықтық актілердің жоқтығы кедейшілік мәселелерін нәтижелі шешуге мүмкіндік бермейді.

Адамдардың еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау жөніндегі нақты шаралардың жоқтығы кедейшіліктің бірден бір себебі болып табылады. Халықтың барлық категорияларына жаңа еңбек қатынастарын ұйымдастыруда жүйелі ыңғайының жоқтығы және оқытуға қаржының болмауы, соның салдарынан жұмыс берушілердің алдында өзінің заңды құқықтарын қорғай алмайтындар кедейлердің қатарын толтыратын жағдайға әкеп соғады.

Халықаралық тәжірибемен адамдардың еңбек құқықтарын нәтижелі және мақұлданған қорғау нысандарының арасында кәсіптік одақтар алдыңғы орындарда тұр. Бірақ қалада кәсіподақтық қозғалыс толық жетілмеген. Қабылданған " Кәсіптік одақтар туралы" және " Ұжымдық келісім-шарттар туралы" заңдар іске асырудың нақты механизмдерінің жоқтығынан кәсіподақтырдың жағдайын айтарлықтай өзгерте алмады. Жұмыскерлердің енжарлықтығы, жұмыс жоғалтып алу қатерінен өз құқықтары үшін күресуден қорқуы, үкімет органдары мен жұмыс берушілердің өкілдерінің сөйлесуге дайын еместігі және сөйлескісі келмегені олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы өзекті мәселелері жөнінде кәсіподақтармен келіссөз жүргізуге бөгет болып отыр.

Барлық деңгейдегі үкімет органдары, жұмыс берушілер мен жұмыскерлер өкілдерінің арасындағы мүдде келісушілік жүйесі Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Заңына сәйкес дұрыс дами алмай отыр. Қазіргі кезде ұжымдық келісім-шарттарды бекіту және тіркеу бөлігінде заңды іске асыру механизмі жоқ. Көпшілігінде әлеуметтік әріптестік комиссиясы туындаған мәселелерді шеше алмайды.

### *3. Кедейшілікті төмендетудегі жекелік секторының ролі*

Кедейшілік деңгейін төмендетуде жекелік секторы үлкен роль атқарады. Ол жаңа жұмыс орындарын тудырады, халықтың еңбекке қабілетті бөлігін жұмыспен қамтамасыз етеді, тұрмыс жағдайы төмендерге қайырымдылық көмек көрсетеді, сонысымен әлеуметтік мәселелердің шешілуіне себепкер болады. Жекелік сектордың бюджетке салық және басқа да міндетті төлем аударымдары әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға мүмкіншілік жасайды.

1998 жылмен салыстырғанда 2001 жылы шағын бизнес кәсіпорындарының саны 44%-ке, осыған сәйкес бюджетке төлемдер 5,6 есе, жұмыс өндірісі және қызмет көрсету көлемі 2,4 есе, жұмыспен қамтылғандар саны 1,7 есе өсті. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 80 мыңнан астам адам немесе

экономикалық белсенді халықтың 14,5% құрады.

Қалада тұрмысы төмен адамдарға ақшалай көмек көрсету, азық-түлік корзиналарымен көмек беру, қайырымдылық астары, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына бекіту, тұрмыстық қызмет көрсету және т.б. қайырымдылық көмек көрсетудің жан жақты жүйесі қалыптасты. 2001 жылы 96,5 млн. теңге сомасына 127 мың адам, 2002 жылдың бірінші жарты жылдығында 60 млн. теңгеге 80 мың адам қайырымдылық көмегін алды.

***4. Кедейлердің шешім қабылдаудағы ролі***

Жергілікті халықты тарту және тікелей көмек алушылар - кедейлердің қатысуымен жергілікті деңгейде нақты бір мақсаттарды шешуге арналған кедейшілікті төмендету бағдарламалары ең нәтижелі болып табылатын екендігі әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Осы күнде тұрмысы төмен халық кедейшілік мәселелерін шешуге байланысты бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға өте аз қатыстырылып отыр. Бұл, қолданылып жүрген бағдарламалардың кедейлердің талаптары мен мүмкіншіліктерін толығымен ескермегендіктен көпшілігінде өз мақсаттарына жетпейді деген сөз.

## 4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТІ, ПРИНЦИПТЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

***1. Мақсаты мен міндеттері***

Аталмыш бағдарламаның мақсаты экономикалық даму үшін жағдай жасау жолымен кедейшілікті төмендету, жұмыспен қамтудың өнімділігі және халық табысын көтеру, кедейлердің денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне қол жеткізушілігін жоғарлату, әлеуметтік қорғаудың атаулы болуын жақсарту және шешім қабылдауға қоғамдық институттарды қатыстырып, мемлекеттік басқарудың нәтижелілігін көтеру болып табылады.

Алдыға қойылған мақсаттарға жету үшін бағдарламамен келесі міндеттерді шешу көзделген:

қаланың тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету;

шағын кәсіпкерлікті ашу және қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасау;

қосымша жұмыс орындарын құру, ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіптік оқыту, жұмыссыздардың біліктілігін көтеру және қайта дайындықтан өткізу есебінен жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің беделді шараларын жетілдіру және әрі қарай дамыту;

денсаулық сақтау және білім беру секторларында мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелілігі мен қол жетімдігін көтеру;

тұрғын үй және коммуналдық қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту, экологиялық факторлардың жағымсыз әсерін азайту;

тұрмысы төмен халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру;

шешім қабылдауға халықты және мемлекеттік емес секторды қатыстыру

арқылы мемлекеттік басқару нәтижелігін көтеру;
аудандағы кедейшілік деңгейін төмендету жөнінде мониторинг жүргізу және аудан әкімдерінің жұмыстарын бағалау жүйелерін жетілдіру.

## *2. Кедейшілікті төмендету принциптері мен артықшылықтары*

Кедейшілікті қысқарту жөніндегі мәселелерді шешу келесі принциптердің негізінде жүргізіледі:
еркін кәсіпкерлікті қамтамасыз ету;
азаматтардың еңбек және әлеуметтік саладағы иек артушылыққа қарама-қарсы, заңдарға сәйкес жүзеге асырылатын еңбек және кәсіпкерлік ынтасын мадақтау;
қабылданып жатқан шаралардың нәтижелігін көтеру (ең аз шығындармен қажетті нәтижелерді қамтамасыз ету);
мемлекеттік орган қызметтерінің халыққа ашықтығы мен есеп берушілігіне жету;
кедейшіліктің гендерлік, жас және өзге ерекшеліктерін есепке алу;
көмек көрсетудің әлеуметтік әділдігін және атаулы болуын қамтамасыз ету.
Кедейшілікті төмендетудің негізгі артықшылықтары:
экономиканың әрі қарай өсуін қамтамасыз ету;
жұмыспен қамтудың дамуына жағдай жасау арқылы жұмыссыздықты азайту;
мемлекеттің кедей халықтың еңбектік мүмкіндігін жүзеге асыру үшін жағдай жасауы;
халықтың базалық білімге, алғашқы дәрігерлік көмекке, таза ауыз суға, коммуналдық қызметтерге, көлік инфрақұрылымына қол жеткізуін көтеру;
мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсетудің атаулы болуын күшейту;
кедейшілік жағдайына шынайы (объективті) баға беруді қамтамасыз ету.

## *3. Бағдарламаны жүзеге асыру индикаторы*

Қалалық бағдарламаның мақсаттарына жету үшін келесі нысаналы индикаторлар белгіленеді:

| | Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2000ж. | 2001ж. | 2002ж. | Болжам | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дерек | дерек | баға | 2003ж. | 2004ж. | 2005ж. |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** |
| 1 | Ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі | % | 13,5 | 12,1 | 8,5 | 8,2 | 7,9 | 7,5 |
| 2 | Жұмыссыздық деңгейі | -//- | 14,3 | 10,8 | 9,5 | 8,8 | 8,5 | 8,0 |
| 3 | Экономикалық белсенді халыққа қарағанда шағын кәсіпкерлік | -//- | 16,0 | 18,1 | 19,7 | 21,6 | | 31,1 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | саласында жұмыспен қамтылғандардың үлесі | | | | | | 23,8 | |
| 4 | Кәсіптік дайындыққа, қайта даярлануға және біліктілігін көтеруге жіберілген жұмыссыздардың саны | мың адам | 2,0 | 2,3 | 2,5 | 2,5 | 2,3 | 2,1 |
| 5 | Қоғамдық жұмыстарға қатысқан жұмыссыздардың саны | -//- | 7,7 | 8,4 | 7,0 | 6,0 | 6,1 | 6,2 |
| 6 | Ауыз суға қолы жетпейтін халықтың үлесі | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| 7 | Кедейшілік мөл-шерінен төмен табыс алатын тұрғындар саны | Адам | | 21000 | 18806 | 15045 | 13036 | 9629 |
| 8 | <*> | | | | | | | |
| 9 | 5-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі дайындықпен қамту деңгейі | -//- | 61,0 | 74,0 | 94,5 | 100 | 100 | 100 |
| 10 | Туберкулезден өлім-жітімділік | 100 мың адамға | 15,5 | 12,0 | 12,0 | 11,5 | 10,0 | 8,7 |
| 11 | Туберкулезбен сырқаттану | 100 мың адамға | 72,8 | 67,9 | 63,0 | 61,0 | 58,0 | 55,0 |
| | Сәби өлім-жітімділігі | туылған әр 1 мың нәрестеге | 15,0 | 14,8 | 14,8 | 15,0 | 14,0 | 13,0 |
| 12 | Аналардың өлім жітімділігі | туылғанәр 100 мың адамға | 66,4 | 27,4 | 57,0 | 55,0 | 50,0 | 45,0 |
| 13. | Халықтың орта есептегі өмір ұзақтығы, соның ішінде: ерлер,әйелдер | жас саны | 65,5<br>60,3<br>71,0 | 65,8<br>60,5<br>71,5 | 66,5<br>60,4<br>72,0 | 66,8<br>61,0<br>72,3 | 67,0<br>61,2<br>72,7 | 67,3<br>61,3<br>73,0 |

*Ескерту: 7 тармақ жаңа редакцияда, 8-тармақ алынып тасталды - II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXVII сессиясының 2003 жылғы 16 қыркүйектегі* шешімімен .

## 5. КЕДЕЙШІЛІКТІ ТӨМЕНДЕТУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

### *5.1. Кедейшілікті сипаттайтын көрсеткіштерді жетілдіру шаралары*

Қалалық деңгейде кедейшілікті сипаттайтын көрсеткіштерді жетілдіру үшін:

халықтың денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне қол жетімділігі деңгейін нақты көрсететін индикаторларды анықтау немесе әзірлеу және оларды

статистикалық есептеме жүйесіне енгізу;

ауданындағы кедейшілік деңгейінің төмендеуінен аудан әкімдерінің жұмысына баға беру есептеме механизмін әзірлеу.

ҮЕҰ қатысуымен әлеуметтік көмекпен қамтылмаған кедейлерді анықтау механизмін әзірлеу қажет.

***5.2. Әлеуметтік осал топтарда кедейшілікті қысқарту шаралары***

Оқымайтын және жұмыс жасамайтын жастар (қатерлі топтар)

Бұл халық тобы үшін: оларды анықтау және еңбекке, әлеуметтік өмірге қатыстыруға шаралар қолданылады, еңбек етуге, спорт және өнерге тарту мақсатында кәсіптік-ақпараттық және насихаттау жұмыстары ұйымдастырылады .

Тұрмысы төмен және көп балалы отбасылардың балалары.

Тұрмысы төмен жанұяларға мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңының шеңберінде жүзеге асырылады. Жаппай білім беру қорынан алынған қаржылар әртүрлі мәліметтердің (үй шаруашылықтарын зерттеу, әлеуметтік карталар, ата-аналардың өтініштері) көмегімен анықталған деректер бойынша көп балалы кедей жанұялардың үлесіне сәйкес тепе-тең және негізделіп жүргізіледі.

Ұзақ уақытты жұмыссыздар.

Жұмыс іздестіру клубына жолдама бергенде, қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылғанда, кәсіпкерлікке үйретуде, кәсіптік қайта оқытуға және қайта даярлауға жолдағанда, халықты жұмыспен қамту бағдарламасының шеңберінде әлеуметтік сауықтыру жұмыстарын жүргізгенде осы категориядағы жұмыссыздарға артықшылық құқығы беріледі.

· Жалғызілікті қарттар.

Үкіметтік емес және өзге ұйымдарды жалғыз басты қарт адамдарға күтім көрсету жұмыстарына қатыстыру жөніндегі жұмыстар жандандырыла түседі және аумақтық орталықтарда қызмет көрсетілетін зейнеткерлердің санын көбейту жөніндегі шаралар қарастырылады.

· Мүгедектер.

Оларды еңбекке тарту, мүгедектік кресло-коляскалармен қамтамасыз етуге, олардың мұқтаждығын қанағаттандыруға мүмкіншілік жасайтын инфрақұрылымды жетілдіру жөнінде шаралар қолданылады.

Маргиналды топтар.

Маргиналды топтар арасында кедейшілікті қысқартуға бағытталған негізгі шаралар презентивті (алдын-алу) болып табылады. Ол үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен өтетін мектептердегі, интернаттардағы, арнайы мекемелердегі, сауықтыру орталықтарындағы және бас бостандығынан айыру

орындарындағы жұмыстарды күшейту. Бұл мақсатта маргиналды топтарды қоғам өмірінде нәтижелі бейімделуіне мүмкіндік беретін нормативті құқықтық негізді әзірлеу қажет етеді. Қоғамның әлеуметтік жағынан әлсіз тобының маргиналдануын төмендету мақсатында қаланың әрбір ауданында белгілі тұрақты жоқ тұлғаларын әлеуметтік оңалту және бейімдеу жұмыстарын белсендете түсу қажет.

### 5.3. Қала халқының кедейшілік деңгейін төмендету шаралары

### 5.3.1. Экономиканың дамуы және кедейшіліктің төмендеуі

***1. Экономиканың өсуін және кедейшіліктің төмендетуін қамтамасыз ету***

Болжамға алынған кезеңде қала экономикасының тұрақты дамуымен кедейшілікті төмендетуді қамтамасыз ету үшін мыналар қажет:

инновациялық-технологиялық дамуға, еңбек өнімділігін көтеруге, жаңа жұмыс орындарын жасауға және осының негізінде халықтың жұмысбастылығын көтеруге бағытталған, қолда бар өнеркәсіптік және ғылыми әлеует пен импорттың орнын басу мүмкіндігін нәтижелі пайдалану;

шағын кәсіпкерлікті ашу және оны қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар мен жеңілдетілген тәртібін жасау, несиелік қызмет көрсетудің пайыздық мөлшерін төмендетуге және мүмкіндігі бар қарыз алушылардың санын көбейтуге мүмкіншілік тудыратын отандық несие қорларын кәсіпкерлік саласына тартуға себепкер болу;

жасырын кәсіпкерлік пен шаруашылық етуші субъектілердің табысын жасыру факторларын ескерту, анықтау және жою жөніндегі шараларды күшейту;

2005 жылға дейін өнеркәсіп өндірісінің мөлшері кем дегенде 23% пайызға өседі, импорттың орнын басу бағдарламасы бойынша өнім өткізу 20%-ке кеңейеді. Жұмыс жасап жатқан кәсіпорындардың негізінде жаңа өндірістер құру және жаңа цехтар ашу көзделген, сондай-ақ бүгінгі күні өнеркәсіп секторының дамуы үшін несие қорларына сұраныс шамамен 65 млн. АҚШ долларымен бағалануда.

Қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарын қайта құру кезінде, келешекте шағын кәсіпорындарға тапсыру арқылы олардың өнеркәсіптік алаңдары босайды. Босатылған құрал-жабдықтарды тапсыруына бақылауды жүргізу үшін лизинг орталықтары құрылады.

Күрделі құрылысқа салынған инвестициялар 2005 жылдың аяғында 2002 жылмен салыстырғанда кемінде 36%-ке өсуі тиіс.

Шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдайлар жасау үшін:

қалада 2003-2004 жылдарға арналған шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдаудың қалалық Бағдарламасы әзірленді;

кәсіпкерлік қызметпен айланысу және бизнес жүргізу негіздеріне оқыту мен дайындықтан өткізу қамтамасыз етілген;

кәсіпкерлерге әр қилы қызмет түрлерін көрсететін (бұрынғы темекі комбинатының аумағындағы өнеркәсіп паркі, қаланың барлық аудандарында инкубаторлардың дамуы), түрлі инкубациялық жүйелерін құру жалғастырылды;

қайтарылу негізінде жеңілдік несие беру үшін ұсынылған, өндіріс саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің артықшылығы бар жобаларын іріктеп алу жүзеге асырылады.

Өндірістік кәсіпорындардың техникалық қайта қаруландыру процессін ұйымдастыру жағдайын жасау мақсатында Технологиялардың трансферттік орталығы құрылады. Ол кәсіпкерлерді тауар нарығын дамыту саласындағы, бірлескен байланыс, инновациялық жетістіктер саласындағы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлерге ақпараттық қызмет көрсету үшін Ақпаратты-маркетингтік орталығы ұйымдастырылады. Тауарлар мен қызметтер жарнамасын қамтамасыз ету үшін тұрақты қызмет жасайтын Сауда-көрмелік орталығын құру көзделіп отыр. Кәсіпкерлікті дамыту бойынша барлық қойылған мақсаттардың орындалуын есепке алғанда қызмет етіп отырған шағын бизнес кәсіпорындарының саны 25,2 мыңнан 26,4 мың бірлікке көбейеді, жұмыспен қамтылғандар саны 200 мың адамға дейін жетеді, демек 25%-ке өседі. Жеке кәсіпкерлердің саны 12 мың бірлік құрайды, сонда олар 30 мың адамды жұмыспен қамтамасыз ете алады.

Шағын несиелеу жүйесін құру мақсатында өз ісін ашу үшін:

тұрмысы төмен азаматтарға шағын қорлар беру үшін ¶ЕҰ-ды қатыстыруға қолайлы жағдай жасау;

тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Алматы қоры арқылы қосымша жұмыс орындарын құру үшін шағын несие, несиелік қарыз беруді жалғастыру көзделіп отыр.

Экономиканың өсу нәтижесінде 2005 жылға дейін халықтың ақшалай табысы 60%-ке өсуі жорамалдануда. Еңбек етуден түскен табыс 72%-ке, әлеуметтік трансферт 20%-ке өседі. Еңбек табысының үлесі жалпы табыс құрылымында 76,4%-тен 83,6%-ке көбейеді, ал әлеуметтік трансферттердің үлесі 17,8%-тен 12,2%-ке төмендейді.

***2. Жұмыспен қамтуды көтеру және жұмыссыздықты азайту***

Еңбек нарығындағы жағдайды жақсарту және жұмыстан бос халықты еңбек етуге тарту үшін мыналар қарастырылады:

халықты жұмыспен қамту Бағдарламасын жыл сайын әзірлеу;

жұмыссыздардың гендерлік құрылымын есептегенде (жылына 10 мыңнан 12

мыңға дейін жаңа жұмыс орны) барлық экономика саласында жұмыс орындарын құру және істегі барын сақтау;

еңбек қатынастарын әрі қарай ресмилендіру, жұмыс күшінің "жасырын" жұмыспен қамту саласынан белгіленген еңбек нарығына өту;

жұмыспен қамту мәселелері мен ұжымдық еңбек дауларын шешуде, жалданған жұмысшылардың еңбек құқығының кепілдігін қамтамасыз етуде әлеуметтік әріптестіктің ролін көтеру.

еңбек нарығы бойынша ақпараттық базаны дамыту, бос орындар мәліметтеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, халыққа қызмет көрсетудің жеделдігі мен сапасын көтеру (қазіргі уақыттағы техникалық құралдармен жабдықтау);

жұмыссыздардың жұмысқа орналасуына қызмет көрсету, еңбек мәселелері бойынша кеңес беру (жыл сайын 7 мыңнан астам адамдардың жұмысқа орналасуына көмек көрсету, бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу, Жұмыс іздестіру клубының қызметі және т.б.);

жұмыссыздардың нысаналы топтарын жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мақсатында, оларды жыл сайын 0,7-0,9 мың адам шамасында жұмысқа орналастыру жөнінде кәсіпорындарға тапсырма белгілеу;

жеке жұмыспен қамту агенттіктерімен бірге ынтымақтастықты жалғастыру, ҮЕҰ, БАҚ (СМИ), халықаралық ұйымдармен бірге семинарлар, дөңгелек столдар , әлеуметтік және психологиялық бейімдеу, жұмыссыздардың өзін өзі ұйымдастыру және іскерлігін көтеру үшін тренингтер өткізу;

жұмыспен қамту туралы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу.

***3. Қоғамдық жұмыстардың нәтижелілігін көтеру***

Еңбек нарығында қоғамдық жұмыстар жұмыссыздардың уақытша жұмыспен қамтылуының белсенді шарасы болып қала береді. Оған жылда 6 мыңнан астам адам қатысады. Олардың нәтижелілігін көтеру үшін келесі шаралар қолданылады :

қоғамдық жұмыстарға алдымен тұрмыс жағдайы төмен азаматтар жіберіледі, қоғамдық жұмыстарға кедейлерді тарту механизмі жетілдіріледі;

қаланың әлеуметтік инфрақұрылымының жақсаруына байланысты, оның ерекшелігі ескеріліп, жұмыстарға жіберілген жұмыссыздардың саны көбейеді;

қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруда берешек болуға жол берілмейді;

жұмыссыздардың нысаналы топтарына арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі кеңейтіледі;

әлеуметтік қызмет көрсетуге қатысты қоғамдық жұмыстардың аумағы көбейтіледі;

қоғамдық жұмыстар кәсіптік оқыту және кейіннен тұрақты жұмыспен қамтылу элементтерімен жүргізіледі;

қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімділігін көтеру үшін жұмыссыздар тобына бригадирлік институтын енгізу ұйғарылып отыр.

***4. Жұмыссыздардың кәсіптік даярлауын және қайта дайындықтан өткізуін жақсарту.***

Жыл сайын кәсіптік даярлау мен қайта дайындықтан 2 мыңнан астам жұмыссыздар өтеді. Кәсіптік дайындықтың әсерлі жүйесін құру мақсатында:

еңбек нарығының кәсіптік - біліктілік бөлігінде жұмыс күшінің қажеттілігіне тұрақты мониторинг жүргізу;

жергілікті еңбек нарығының қажеттілігі мен жұмыссыздардың тілегін ескере отырып, жұмыссыздардың кәсіптік дайындығы мен қайта даярлық жүйесін жетілдіру;

бастауыш кәсіптік білім беру мемлекеттік мекемелерінің материалды - техникалық негізін сақтау және дамыту бойынша шаралар қабылдау;

білім мекемелеріне ақпараттық жәрдем көрсету, жұмыссыздарға нарық жағдайында шаруашылықты жүргізуге және еңбек құқығын үйрететін, оқытудың тиімді нысаны мен әдістерін әзірлеу;

мүгедектерді оқытуды ұйымдастыру жөнінде арнайы шаралар әзірлеу;

кәсіптік білім саласында әлеуметтік әріптестік мәселелері бойынша сараптамалық кеңестің қызмет көрсету тиімділігін көтеру;

еңбек нарығының жұмыс күшіне қажеттілігін анықтау мәселелері бойынша, халықтың кәсіптік дайындығымен шұғылданатын ҮЕҰ, жұмыс берушілермен, кәсіподақтармен, оқу мекемелерімен ынтымақтастықты дамыту;

халықаралық ұйымдармен бірлесіп жұмыспен қамту, кәсіптік оқыту және жұмыссыздарды кәсіби бағдарлау мәселелері бойынша ақпараттық - кеңес беру орталығын құру жөнінде жұмыстар жүргізу.

**5.3.2. Әлеуметтік саланың дамуы**

***1. Демографиялық және көші-қон факторларының кедейшілікке тигізетін әсерлерін жеңілдету шаралары***

Экономикалық даму және келешекте сыртқы және ішкі көші-қонды реттеу демографиялық және көші-қондық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді. Халықтың және көші-қонның табиғи өсуінің жағымды сальдосы сақталады. Алматы қаласының 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік демографиялық және көші-қондық даму бағдарламаларын жүзеге асыру жалғастырылады.

Сондай-ақ, демографиялық және көші-қондық факторларының кедейшілікке тигізетін әсерін жеңілдету мақсатында мына шаралар қолданылады:

көп балалы жанұяларға жәрдем көрсету;

ананың өсімпаздық (репродуктивті) денсаулығын нығайту, халықтың жанұяны жоспарлау жөніндегі ақпараттарға қол жетімділігін көтеру;

келешекте жанұя және неке институтын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау;

дәрігерлік мекемелерді қаржыландыру мөлшерін көбейту, көрсетілетін қызметтердің тізбесін кеңейту және сапасын көтеру;

халықтың тұрмыс сапасын көтеру және экологиялық жағдайды сауықтыру арқылы халықтың денсаулығын жақсарту;

еңбек және ауылдық көші-қонды реттеу механизмін жетілдіру;

отанына қайта оралғандардың тез уақытта бейімделуі (иммиграция квотасы бойынша көшіп келген оралмандарды қабылдау, орналастыру және тұрғын жаймен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді толық орындау).

***2. Халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндіктерін жақсарту жөніндегі шаралар***

Халықтың денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндіктерін жақсарту:

халыққа ақысыз дәрігерлік көмек көрсетудің кепілдік берілген мөлшерін қамтамасыз ету, мемлекеттік бюджет қаражаттарының есебінен балалар мен аналарға дәрігерлік қызмет көрсету көлемін кеңейту:

сырқаттардың алдын алуға және бірінші кезекте - халықтың әлеуметтік осал топтарына көрсетілетін (күндізгі стационарлар, үйдегі стационарлар және т.б.), сондай-ақ медициналық көмектің жаңа ұйымдастыру үлгілерін дамытуға бағытталған алғашқы дәрігерлік - санитарлық көмекті басымды дамыту;

тіршілікке маңызды дәрі - дәрмек құралдарының айналымына мемлекеттік бақылауды күшейту;

туберкулез, анемия және өзге әлеуметтік маңызды аурулармен күресу тиімділігін көтеру;

ВИЧ/ЖҚТБ (СПИД)-дан сақтандыру жөнінде, әсіресе жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

әртүрлі бағдарламаларды жүзеге асыру есебінен ана, сәби және балалар өлімінің алдын алу;

Экономикалық ынталандыру жүйесі арқылы тұрмыс жағдайы төмен азаматтар үшін мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторының қызмет көрсету сапасы мен қол жетімділігін көтеру есептерінен жүзеге асырылады.

***3. Халықтың білім беру қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндіктерін жақсарту жөніндегі шаралар***

Халықтың білім беру қызметтеріне қол жетімділігін жақсарту үшін мыналар көзделіп отыр:

жалпы білім беру мектептерінің, мектепке дейінгі және мектептен тыс білім беру ұйымдарының, бастауыш және орта кәсіптік білім беру мекемелерінің жүйесін дамыту;

мектептерде жаңа буын, соның ішінде мемлекеттік тілдегі бағдарламалары мен оқулықтарын енгізу процессін аяқтау;

мектептерде арнайы оқу бағдарламаларын, жаңа оқыту технологияларын енгізу;

мемлекеттік жалпы білім беретін және кәсіптік мектептердегі тұрмыс жағдайы төмен жанұялардан шыққан оқушыларды ақысыз ыстық тамақпен, оқулықтармен қамтамасыз ету;

балалардың мектепке бармай қалуының алдын алу, сондай-ақ біліммен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және оларды мектепке қайтару үшін жұртшылықты қатыстыру;

оқу мекемелеріне бармайтын мектеп жасындағы балаларды шынайы есепке алу механизмін жетілдіру;

әлеуметтік түзету білім ұйымдары жүйесін дамыту және нығайту жұмыстарын жүзеге асыру, мүмкіндігі шектелген балаларды оқыту және тәрбиелеуге жағдай жасау;

тұрмысы нашар жанұялардың балаларына жаздық демалысын ұйымдастыру.

***4. Халықтың әлеуметтік осал топтарына мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру***

Алдағы кезеңде халыққа әлеуметтік көмек көрсетуді жақсартуға бағытталған келесі мәселелер кешені өз шешімін табады:

азаматтарды есепке алу және әлеуметтік көмек көрсетілу мониторинг жүйесін жетілдіру, оның атаулы болуын күшейтуге және әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді (атаулы әлеуметтік көмектің негізгі алушылары тұрмысы нашар, еңбекке қабілетсіз азаматтар болады).

тұрмысы нашар жанұяларға тұрғын үй көмегін көрсету механизмін жетілдіру;

тұрмысы нашар зейнеткерлерге және өзге халық тобына арнайы қалалық жәрдемақы, бір жолғы материалдық көмек, қалалық қоғамдық көлікте жол жүру жеңілдігі төлемдерін жүргізу жалғастырылады;

егде жастағы тұлғалардың демалуы мен емделуіне жолдамалар сатып алуға, мүгедектерді кресло-колясқалармен қамтамасыз етуге, суды тұтыну жекелік есеп құралдарын орнатуға қосымша қаржы іздестірілді;

әлеуметтік мекемелер жүйесін дамыту;

кәсіпорындар, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, қайырымдылық қорлары және т.б. қатыстыру арқылы қайырымдылық іс-шараларының жүйесі келешекте дамып өсе береді.

**5.3.3. Халықты инфрақұрылым қызметтерімен қамтамасыз етуді жақсарту**

***1. Халықтың тұрғын үй және коммуналдық қызметтерімен қамсыздандырылуын жақсарту жөніндегі шаралар***

Тұрғын үй құрылысын дамыту және халықты тұрғын үй мен коммуналдық қызметпен қамтамасыз етудің негізгі бағыттары:

тұрғын үйді сатып алуға, құрылысын және жөндеу жұмыстарын жүргізуге ұзақ мерзімді несие беру жүйесін жетілдіру;

апатты - ескі тұрғын жай қорын бұзу жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыру;

сейсмикалық жағынан қауіпті тұрғын жай қорын қайта жаңарту;

ұйымдастырылған қозғалмайтын мүлік нарығын құру, аса мұқтажды азаматтар категорияларына тұрғын үй құрылысы үшін ұзақ мерзімді қаржылау көлемін ұлғайту;

қала құрылысы кешендерінің әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымдарын уақытында салынуын қамтамасыз ету;

қайта жаңарту жобалары мен тұрғын үй және әлеуметтік саладағы объектілердің құрылысын жүргізген кезде мүмкіндіктері шектелген азаматтарға арнайы жағдайларды ескеру;

көрсетілетін қызметтеріне баға және тариф орнату дәлелдігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін табиғи монополия субъектілерінің қызметіне мониторинг жасау жүйесін жетілдіру:

тұрмысы нашар азаматтарға коммуналдық қызметтерді есептеу құралдарын орнатуға жеңілдіктер жасау.

***2. Халықтың сумен қамсыздандырылуын жақсарту жөніндегі шаралар***

Халықты сумен, соның ішіндегі ауыз сумен қамтамасыз етуді жақсарту шаралары:

қала шетіндегі аймақты ескере отырып орталықтандырылған сумен жабдықтауды және су қайтарылуын жақсартуды;

су қорын жинақтау тәртібін міндетті түрде енгізіп ауыз су сапасын көтеруді:

басты тазарту құрылыстарын, ағын суларды механикалық және биологиялық тазарту іргетастарын, су шығындарын төмендету мақсатында сумен жабдықтау жүйелерін кеңейту және қайта жаңартуды;

арық пен суғару жүйелерін қайта жаңарту және күрделі жөндеуден өткізуді;

канализациялық емес құрылыстарды қаланың су құбырлары жүйесіне қоса, су қайтарғыларын қайта жаңарту жөнінде жұмыстар жүргізуді;

қаланың барлық кәсіпорындарында қалалық канализацияға жіберу алдында алғашқы өңдеу жұмыстарын жүргізіп, өндірістік ағын суларды тазарту технологияларын енгізуді қарастырады.

### *3. Халықтың жол, көлік және байланыс қызметтерімен қамсыздандырылуын жақсарту шаралары*

Келешектегі көлік пен байланыстың дамуына мыналар себепкер болады:

Алматы қаласында 2003-2005 жылдарға арналған көлік пен байланыстың даму кешенді бағдарламасын әзірлеу;

алдымен көлік шешімдерінің және айналып өту магистральдарының құрылысын жүргізу есебінен, автокөлік жолдары жүйесін кеңейту;

жолаушылық көліктің жылжымалы парк құрамын жаңарту;

электр көлігін дамыту, автокөлік құралдарын қысылған және сұйылған газға ауыстыру, метрополитен құрылысын жалғастырылу;

жолдар мен көшелерді салу және қайта жаңарту;

аналогтағы станцияларды қазіргі уақыттағы электронды станцияларына толық ауыстырылуын іске асыру;

телефон орнату сұранысын қанағаттандыру, жаппай жекелік үй тұрғызу аудандарын телефон байланысымен қамтамасыз ету;

2003 жылдан бастап телефонмен сөйлесу уақытын есептеуді енгізу абоненттік төлем мөлшерін азайтуға мүмкіндік туғызады:

жоғары сенімді цифрлі станцияаралық байланыс жүйесіне ауысу, мультимедиалық телекоммуникациялар қызметін енгізу.

### *4. Халықтың кедейшілігіне кері әсерін тигізетін экологиялық факторларды азайту жөніндегі шаралар*

Халықтың кедейшілігіне экологиялық факторлардың әсерін төмендету:

2003-2005 жылдарға қарастырылған Алматы қаласының "Таза ауа - Жанға дауа" атты экологиялық жағдайды сауықтыру кешенді бағдарламасының шараларын жүзеге асыру;

экологиялық жағдай жөнінде және халық денсаулығына зияны тиетін қауіптердің бар болуы туралы шынайы және толық ақпараттарға халықтың кеңінен қолы жетуін қамтамасыз ету;

стационарлы автокөлікке жанар-жағар май станцияларының экологиялық талаптарға сай оңтайлы жүйесін құру;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықпен үнемі экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу;

табиғат пайдаланушылар, заңды және жеке тұлғалар үшін айналадағы ортаны қорғау саласындағы заңдарды қаталдандыру жөнінде ұсыныстар даярлау арқылы жүзеге асырылады.

**5.3.4. Халықтың кедейшілік деңгейін төмендетудегі қоғамдық институттардың қызметін жақсарту жөніндегі шаралар**

***1. Халықтың кедейшілік деңгейін төмендетудегі мемлекеттік орган қызметтерін жетілдіру жөніндегі шаралар***

Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметін жетілдіру және ролін күшейту:

қалалық өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына бағытталған инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

кедейшілікті төмендетуге мүмкіндік беретін шараларды жүзеге асыру жөнінде жеке секторға қолайлы жағдайлар жасау, жұртшылыққа осы мәселелер бойынша үнемі хабарландыру жүргізу;

халықты әлеуметтік қорғау бағдарламаларының шараларын жүзеге асыруға бюджеттік қаражаттың дер кезінде және толық берілуін қамтамасыз ету;

тұрмысы төмен жанұялардың балаларына киім-кешек, оқулық сатып алу, жаппай білім беру қорлары құралдарының есебінен жалпы білім беру мекемелерінде ыстық түскі ас берілуі арқылы көрсетілетін көмекті кеңейту;

жергілікті бюджет есебінен тұрмысы төмен жанұялардағы балалардың жаздық демалысын ұйымдастыру, мектеп оқушылары мен студенттерді жаздық каникул күндерінде жұмыспен қамту;

тарифтердің негізсіз өсуіне әсер ететін себептер мен негізгі факторларды анықтау мақсатында байланыс қызметінің нарығына үнемі мониторинг жүргізу;

мемлекет, ҮЕҰ және жеке құрылымдар тарапынан кедей халық тобына қолданыста бар әлеуметтік жәрдем үлгілері туралы ақпаратты белсенді тарату;

қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен кедейшілікті төмендету мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңес беру және кеңесші комиссияларын, коммерциялық емес ұйым нысанында кедейшіліктің өзекті мәселелерін үйлестіру жөніндегі Орталығын құру;

кедейшілікті төмендетудегі оңды тәжірибелерді насихаттауға бұқаралық ақпарат құралдарын қатыстыру арқылы жүзеге асырылады.

***2. Кедейшілікті төмендетудегі үкіметтік емес және кәсіподақтық ұйымдардың қызметтерін жетілдіру жөніндегі шаралар***

Үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіподақтардың кедейшілікті төмендетудегі қызметін жетілдіру:

ҮЕҰ және кәсіподақ өкілдерін әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатыстыру;

